



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Еуразиялық банк» АҚ 2012 жылғы бірінші тоқсандағы қызметінің қорытындылары

Алматы, 2012 жылғы 15 маусым – Еуразиялық банк ХҚЕС сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2012 жылғы 1-тоқсандағы өзінің қызметінің нәтижелерін ұсынды.

2012 жылдың 1-тоқсанындағы Пайдалар мен шығындар туралы есептің негізгі көрсеткіштерінің 2011 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырмалы серпіні:

- **Таза кіріс (пайда) 143,2 %** ұлғайды;
- провизия есептелгенге дейін **операциялық кіріс 46,3%** өсті;
- **Шығыстардың кірістерге қатысы 13%** қысқарып, **58,4%** құрады;
- **Таза пайыздық кіріс 55%** ұлғайды;
- **Таза пайыздық маржа (NIM) 48,8%** ұлғайып, **6,4%** құрады.
- **Қарыздардың депозиттерге қатысы 5,49 %** өсіп, **98,9%** құрады.

Қарыздар бойынша шығындар резервін қалыптастырғанға дейінгі **таза пайыздық кіріс** 2011 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **55%** ұлғайды және **5,111** млрд теңгені құрады.

Таза пайыздық маржа 2011 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **49%** ұлғайып, **6,4%** құрады. Екі көрсеткіштің де өсуі жеке тұлғаларға кредит беруді көбейту нәтижесінде өскен кірістер деңгейімен байланысты.

Провизия есептегенге дейінгі **таза операциялық кіріс** 2011 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **46,3%** өсіп, **6,935** млрд теңге сомасына жетті. Банктің операциялық кірістерінің ұлғаюы негізі таза пайыздық және комиссиялық кірістердің өсуімен, сондай-ақ шетел валютасымен жасалатын операциялар кірістілігінің өсуімен байланысты.

Банктің **операциялық шығыстары** 2012 жылдың 1-тоқсанының нәтижесі бойынша **4,050** млн теңгені құрады, алдыңғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **868** млн теңгеге немесе **27%** ұлғайды. Шығыстардың ұлғаюы «ПростоКредиттің» бұрынғы қызметкерлерін Банк штатына енгізу нәтижесінде қызметкерлер санының **102,5 %** (1 878-ден 3 803 адамға дейін) өсуі есебінен болды.

Аталған өсім Банктің бөлшек өнімдер желісін кеңейту және клиенттерге қызмет көрсету орындарын көбейту саясатына сәйкес келеді.

2012 жылғы 31 наурыздағы Банктің **таза пайдасы** есепті кезең үшін **142%** ұлғайып, **1,392** млрд теңгені құрады.

2012 жылдың бірінші тоқсанының нәтижесі бойынша Банк **активтері** 2011 жылғы 1 сәуірдегі деректермен салыстырғанда **1,8%** өсті және **397,5** млрд теңгеге жетті. 2012 жылғы 31 наурызда 296,05 млрд теңгені құраған есепті кезең үшін Банктің **несие портфелінің** айтарлықтай ұлғаюы (**18,3%**) активтердің өсуіне себеп болған негізгі фактор болып табылады.

Бұл ретте 2012 жылғы 1 сәуірдегі **несие портфелінің құрылымы** келесідей:

- корпоративтік клиенттерге арналған кредиттер – **153,6** млрд теңге (**52%**);
- шағын және орта бизнес секторының үлесі – **34,3** млрд теңге (**12%**);

- бөлшек сегмент – **108,1** млрд теңге (**37%**).

Осылайша, Еуразиялық банк бизнестің тұрақтылығы мен дамуының негізі болып табылатын теңгерімді несиелік портфеліне ие.

2012 жылғы бірінші тоқсанының нәтижесі бойынша жұмыс істемейтін қарыздар үлесі (мерзімі 90 күннен аса кешіктірілген) **22,3** млрд теңгені немесе жиынтық несиелік портфелінің **7,5%** құрады. Бұл ретте қарыздар бойынша ықтимал шығындарын жабу коэффициенті **117%** құрады.

Негізінен Банктің меншік капиталы бөлінбеген пайда есебінен 12 айда **25,7%** ұлғайды және **33,5** млрд теңгені құрады.

2012 жылғы бірінші тоқсанды қорытындылай келе, басқарма төрағасы Майкл Эгглтон: **«Есепті кезеңде Банк бүгінгі күнгі тұрақсыздық кезеңіндегі жетекші қаржы институтынан талап етілетін табанды бағыт-бағдар мен әртараптандыруды растай отырып, барлық негізгі қаржы көрсеткіштерінің айтарлықтай өскенін көрсетті», - деп атап өтті.**

2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Банк **518 231** клиентке қызмет көрсетті, оның **11 779** заңды тұлға және **506 452** жеке тұлға.

«Еуразиялық банк» АҚ ХҚЕС бойынша толық аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігі Банктің www.eubank.kz (<http://eubank.kz/ru/about.php?id=130>) сайтында орналастырылған.

«Еуразиялық банк» АҚ баспасөз қызметі
тел. +7 (727) 259 79 00 (3288)
Inna.Dubrovina@eubank.kz